

**АКАДЕМИК Т.С.САДЫҚОВТЫҢ
80 ЖЫЛДЫҒЫНА**

Қадірлі әлеумет!

Баршаңызды тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Тоқмұхамед Сәлменұлы Садықовтың туғанына 80 жыл толуымен құттықтаймын!

Тоқмұхамед Сәлменұлы – педагогика саласының ірі ұйымдастырушысы және көрнекті ғалым ретінде отандық ғылым мен білім беру ісіне бірегей үлес қосқан тұлға. Ол 20 жылдан астам уақыт Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің ректоры қызметін атқарып, білім ордасын еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындарының санатына қосты. Өзіндік мектебін қалыптастырып, көптеген ғылым докторлары мен кандидаттарды тәрбиелеп шығарды. Қазақстан тарихы, психология және педагогика мәселелеріне арналған 400-ден астам ғылыми еңбек, 10 монография жазды.

Тоқмұхамед Сәлменұлы әрбір шәкіртінің болашағына аса жауапкершілікпен қарайтын, жас ғалымдарға ағалық қамқорлығын аямайтын нағыз ұстаз еді. Жарқын да жайдары мінезімен айналасына шуақ шашқан, адамгершілігі мол азамат еді. Оның қамқорлығына бөленіп, тәлім алған бірнеше буын ғалымдар легі бүгінде отандық ғылымның тұтқасы болып отыр.

Аяулы ұстаздың есімі Қазақстан ғылымы мен білім беру тарихына алтын әріптермен жазылып, жарқын бейнесі халқының жүрегіне мәңгі орныққан.

Ұстаз мерейтойы құтты болсын!

Баршаңызға амандық, отбасыларыңызға береке-бірлік, қызметтеріңізге табыс тілеймін!



Марат Тәжин